

**«6D040600- Режиссура» мамандағы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған
Әкімбек Асқардың «Мұхтар Әуезов шығармаларын сахналау үрдісі:
дәстүр мен жаңашылдық» тақырыбындағы докторлық
диссертациясының мәтініне**

АНДАТПА

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Ұлт театры мен мәдениетінің дамуына деген әр дәуірдің өз ұстанымы, әрбір жаңа ұрпақтың өзіндік көзқарасы болады. Бұл өзінен бұрынғы аға ұрпақтың жасап кеткен рухани мұрасын алдыға озған қоғам мен адамның азаматтық көзқарасы мен дүниетанымындағы, саяси ұстанымындағы болып жатқан эволюциялық өсу жолындағы түбегейлі өзгерістер мен жаңалықтарды зерделей отырып өткенге баға беру, бүгінге тигізіп отырған ықпалын айқындау, келешекке қай бағытта баратынын бағамдау маңызды.

Ұлт болмысының негізгі атрибуты болып саналатын оның рухани құндылықтар жүйесінің нақты материалдық көрсеткіштері болып есептелетін әдебиет пен өнердің тоғысында көркем жетістіктері мол суреткердің сан қырлы таланты қазақ театрының өркендеуіне жол көрсетті. Рухани құндылықты жасауға ерекше үлес қосқан М.О.Әуезовтің шығармалары өзінің ұлттық классикалық үлгіге айналған пьесалары, сан-алуан кейіпкерлер галереясымен бізге дейінгі және бізден кейінгі ұрпақтың да өлместей рухани қазынасына айналды. Ол шығармалар ұлт театрын дамытумен бірге ұлттық режиссураның бүгінгі келбетін де айқындауға мүмкіндік беретін бағалау көрсеткіші деуге әбден болады. Ұлы Абайдан бастап, Кенесары хан, Қобланды, Айман мен Шолпан, Еңлік пен Кебек, Қарагөз бен Сырым болып жалғаса беретін тағы басқа ұлттық бояуы мол, дәстүрдің қайталанбас көріністерімен айшықталған, ішкі мазмұны терең, мағынасы бай туындылар кеше мен бүгінгі көреременнің талғамынан шығып, қоюшы режиссерді де, орындаушы актерді де, қарапайым көременді де бейжай қалдырмайды. Бұл туындылардың заманауи театр режиссурасымен тығыз қарым-қатынасы, өзара ықпалдастығы арнайы зерттеу нысаны болуға әбден лайық. М.Әуезовтің шығармаларын сахналау үрдісіндегі қалыптасқан дәстүр жалғастығы мен қақтығысы заман талабына сай жаңашылдықты ту еткен инновациялық режиссерлік ізденістерді ғылыми-зерттеушілік тұрғыдан сұрыптау, салыстыра қарап ой елегінен өткізу бүгінгі күнгі заман талабына жауап беретіндігіне сенімдіміз.

Ал, тәуелсіздік жылдарында М.Әуезов шығармаларының рухани құндылығы артып, идеясы бүгінгі күннің қоғамдық-әлеуметтік сұранысына сәйкестігімен өзекті болып отыр. Сондықтан егемендік жылдарында сахналанған М.Әуезов драматургиясының сахнаға қойылу ерекшеліктері арнайы зерттеуді, постколониалды дискурста талдауды қажет етеді. Ширек ғасырдан астам уақыт ішінде кәсіби баға берілмеген, кешенді әрі ғылыми түрде қарастырылмаған, жүйелі түрде талданбаған «Еңлік – Кебек»,

«Қарагөз», «Айман – Шолпан», «Абай», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Қорғансыздың күні» және т.б. шығармалардың идеялық-көркемдік деңгейін анықтау, М.Әуезов туындыларын сахналаудағы режиссерлік стильдерді критикалық реализм тұрғысынан саралау жұмыстың өзектілігі болып табылады.

Театр өнері қай елде болмасын белгілі бір деңгейдегі идеяның эстетикалық-көркемдігіне жауап беріп, сол дәуірдің талап-талғамына қарай үн қатады. Ал бір ғасырлық тарихы бар қазақ театрында М.Әуезовтің пьесалары мен прозалық туындыларын сахналаудағы постдарамалық-эксперименттік режиссерлық интерпретациялар мен оның негізгі жанрлық ерекшеліктері ғылыми тұрғыда зерттелген жоқ.

Әр кезеңде қоғамдық-формациялық өзгерістермен бірге үнемі жаңару, даму сатыларынан өтетін түрлі өнер салалары дер кезінде зерттеуді қажет ететіні рас. Әсіресе, синкреттік-синтездік құрылымымен ерекшеленетін театр режиссурасындағы жаңашылдықтар үздіксіз зерттеуді, перформанстанулық зерттеуді талап етеді. Осындай тенденцияны алға қойған аталмыш тақырып кешенді түрде алғаш рет зерттеліп отыр. Сонымен бірге, бұл ғылыми жұмыстың *өзектілігін* құрайды.

Зерттеу жұмысының нысаны – М.Әуезовтің драмалық және прозалық шығармаларының әр кезеңдердегі театр сахнасында қойылу үдерісі.

Зерттеудің пәні – дәстүрлі және қазіргі режиссураның жаңашылдық ізденістері мен сахналық көркем шешімдеріндегі М.Әуезов шығармалары интерпретациясының үйлесімі мен қарама-қайшылықтары, режиссерлік ізденістердің эволюциясы мен трансформациясы жатады.

Зерттеудің мақсаты – М.Әуезов шығармаларын сахналауда режиссуралық дәстүр жалғастығы мен креативті жаңашылдықтарын (соц.реализм, тәуелсіздік кезеңіндегі этносимволизм және постдрама эксперименттік формаларын) әлемдік театр контекстінде салыстырмалы түрде зерттеу.

Осы қойылған мақсатқа сәйкес зерттеудің **міндеттері:**

– М.Әуезовтің драматургтік шеберлігінің қалыптасуы мен дамуының тарихи кезеңдерін хронологиялық тұрғыдан жүйелеу;

– Ұлт театры репертуарын күшейтудегі М.Әуезов драматургиясының креативті және инновациялық даму үрдісінің теориялық парадигмаларын анықтау;

– Қазақ-кеңес дәуіріндегі М.Әуезов драматургиясын сахналаудағы режиссерлік ізденістердің эволюциясы мен трансформациясына салыстырмалы-сараптамалы талдау жүргізу;

– Ұлттық классикаға айналған жазушы шығармаларының отандық режиссура мен актер шеберлігі біліктілігін таныту мен шындау мектебінің көркем-айқындылық құралдарын бағамдау;

– Тәуелсіздік кезеңінде сахналанған шығармаларының еліміздегі рухани жаңару мен жаңғыру үрдісінің негізгі бастаушы көзіне айналғанын режиссерлік тұжырымдар арқылы сараптау;

– Жазушының прозалық шығармаларын сахналаудағы заманауи үлгідегі театрлық формалар мен режиссурадағы жаңа перспективаларды анықтап, мультимедиялық технологиялардың қарқынды даму дәуірінде М.Әуезов пьесаларының маңызы артқанын ашу.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Қазақ кәсіби сахна өнерінің бір ғасырлық жүріп өткен шығармашылық жолында ұлт театрының қалыптасу, даму тарихына байланысты біраз еңбектер жазылды. М.Әуезовтің шығармашылығын, соның ішінде отандық драматургияның алтын қорын құрайтын ұлттық классикаға айналған пьесалары еліміздің филология саласындағы ғалымдардың - *қазақ әдебиеттану ғылымында танымал зерттеушілердің іргелі еңбектерін, соның ішінде* драматургия саласын арнайы тақырып етіп қарастырып, жазушының шығармашылығына баса назар аударған мамандар: С.Ордалиевтің, Ә.Тәжібаевтың, Р.Нұрғалиевтің, А.Нұрқатовтың, Ш.Елеукеновтің, З.Қабдоловтың, Г.Пірәлиеваның монографиялары. Одан тыс, заманауи энциклопедиялық еңбектер мен электрондық ресурстар: М.Әуезовтің 50 томдық Толық шығармалар жинағы, Мұхтар Әуезов. Энциклопедиясы, «Мұхтар Әуезов әлемі» атты электрондық кітапханасы.

Қаламгер драматургтің қазақ театрының бастау көзінен күні бүгінге дейінгі репертуарының көркі болған қайталанбас шығармаларына, олардың *сахналық нұсқаларына байланысты театртанушы мамандардың* жазып қалдырған еңбектері қазақ театр тарихын зерттеуші аға буын кәсіби мамандар: Қ.Қуандықов, Б.Құндақбайұлы, Л.Богатенкова, Ә.Сығай, С.Қабдиева, Б.Нұрпейіс, А.Мұқан, А.Еркебай, М.Жақсылықова, З.Исламбаева т.б. театртанушылық тұрғыдан зерттеп жазылған монографиялары мен ғылыми жинақтарын жатқызамыз.

Сахна практиктері - *режиссерлер мен актердің орындаушылық өнермен ұштастыра жазылған мемуарлар, очерктер, портреттерге* арналған еңбектер өз заманының жарқын суреткері М.Әуезов драматургиясын, оның сахналық итерпретациясы терең ғылыми талдауға құрылмаса да, әр кезеңнің режиссерлік өнері мен актерлік шығармашылығына шабыт берген *қазақ сахнасының көрнекті театр режиссерлері мен актерлері: А.Тоқпанов, С.Қожамқұлов, Қ.Бадыров, Х.Елебекова, Б.Римова, Қ.Жандарбеков, Қ.Байсейітов, М.Байсеркенов, И.Шостак, Ә.Рахимов, т.б. еңбектерін* де жатқызамыз.

Сонымен бірге сахнада қойылған спектакльдерге жазылған *сын мақала, рецензия, сұхбаттар* мен жеке тұлғалардың шығармашылығына арналған, республикалық аймақтық, халықаралық театр фестивальдеріне арналған шолулардан ұлт театрының тарихы туралы жазылған кітаптар, режиссерлік интерпретацияға байланысты біраз *БАҚ бетінде жарияланған материалдар* бар. Тәуелсіздік жылдары қойылған М.Әуезов шығармаларын сахналаған *театр шығармашылығы, режиссерлер мен актерлердің әр жылдардағы мерзімді басылымда спектакльдер мен режиссерлердің ізденісі жөнінде кітап, рецензия, сын пікірлер, сұхбаттар* жазып жариялап отырған мәдениеттанушылар мен журналистер: Ә.Бөпежанова, А.Аханбайқызы, т.б.

жұмыстарын қажетімізге қарай пайдаланылды. Режиссер Б.Атабаевтың «Қарагөз» спектаклі туралы түсірген «Хабар» агенттігінің 2009 жылы түсірген бейне архиві, Алексей Азаровтың Наташа Дубс қойған Неміс театрындағы «Қарагөзі» туралы, Гульназ Балпейісованың «Қарагөз» туралы «Классикада шекара жоқ, шексіздік бар» атты театртанушы Назерке Жумабайдың сұхбаттары алынды.

Зерттеудің әдістері

Диссертациялық зертеу жұмысымыздың тақырыбын зерделеу барысында алдымызға қойған мақсатымыз бен одан өрбитін міндеттерді орындауға, нәтижелердің ғылыми тұрғыда нақтылығы мен сенімділігін растау мақсатында бірнеше кешенді ғылыми әдіс-тәсілдер қолданылды. Олар:

Теориялық талдау – зерттеу нысаны етіп алынған тақырыптың теориялық негіздерін анықтау және ұлттық драматургия мен театр өнерінің ара қатынасындағы ғылыми-теориялық аспектілерін жүйелеу.

Эмпирикалық талдау – автор – драматург пен театрға байланысты нақты деректерді жинап, осы деректер негізінде қазақ сахна өнерінің жазушы-драматург М.Әуезов шығармашылығымен байланысын, заманауи хал-жайын бағамдау.

Салыстырмалы талдау – М.Әуезов шығармалары негізінде қазақ театрының сахнасында қойылған спектакльдерді салыстыру, режиссерлік интерпретациялардың өзіндік ерекшеліктері мен ортақ ұқсастықтарын анықтау.

Перформанс талдау әдісі – М.Әуезовтың пьесалары бойынша қойылған спектакльдердің формасын, көркемдік құрылымын, драматургиялық және режиссерлік шешімдерін зерделеу.

Постколониалды дискурстық талдау – Әуезов шығармашылығын драматургия мен режиссурадағы тарихи-мәдени және саяси контексте тереңірек түсінуге, отарлық кезеңнің әсерін, ұлттық бірегейлікті сақтауды және "социалистік реализм" аясында ұлттық-тарихи мәселелердің бұрмалануын зерттеуге мүмкіндік береді.

Осы және өзге де әдістерді орнымен қолдану зерттеу жұмысымыздың нақтылығы мен кешенділігін қамтамасыз етеді. Бұл тәсілдер қазақ театр өнері мен драматургиясының арасындағы қарым-қатынасты, тығыз шығармашылық байланысты толымды талдауға, оның тарихи-мәдени астарын айқындауға және оның отандық драматургия мен театрдың болашақ даму үдерісін негіздеуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері

М.Әуезов шығармаларын сахналаудағы режиссерлік ізденістер негізінде театр режиссурасындағы жаңа бағыттарды зерттеу жолындағы межеленген мақсат-міндеттерді жүзеге асыру үшін драматургтер, қоюшы-режиссерлер, театрдың шығармашылық ұжымының эстетикалық ұстанымдары мен көркемдік бағыт-бағдарына арналған шетелдік және отандық театртанушы ғалымдардың зерттеулері назарда болды. XX ғасырдағы кәсіби театр мектептердің қалыптасуы мен даму үрдісін зерттеуде әдіснамалық негіз ретінде орыс-кеңестік, шетелдік театртанушылар мен театр теоретиктері мен

практиктері: К.С.Станиславский, Вл.И.Немирович-Данченко, Л.Ханс Тис, А.Д.Попов, Г.Товстоногов, А.Арто, Е.Гротовский, П.Брук, Э. Фишер-Лихте, т.б. әр жылдарда жарық көрген театр өнерінің теориясы мен практикасы, сахна мәдениеттің эстетикасы саласында жазылған ғылыми еңбектері басшылыққа алынады. Отандық театртанушы ғалымдар: Б.Құндақбайұлы, Ә.Сығай, А.Қадыров, С.Қабдиева, Б.Нұрпейіс, А.Еркебай, А.Мұқан, М.Жақсылықова, З.Исламбаева, т.б. және сахна кеңістігін практикалық тұрғыда игерген: А.Тоқпанов, Ә.Мәмбетов, М.Байсеркеұлы, Ә.Рахимов, т.б. жоғарыда келтірілген еңбектерінен және режиссерлік тәжірибеден туындаған тұжырымдарына назар аудардық.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

Қазақ театртану ғылымында М.Әуезовтің драмалық және прозалық шығармаларына жүйелі зерттеу, кәсіби тұрғыда талдау жасау өткенді бағамдап, тәуелсіздік жылдарындағы режиссурадағы жетістіктерімізге назар аудартады.

Диссертациялық жұмысты зерттеу барысында ізденуші келесідей ғылыми жаңалықтарға қол жеткізді:

1-жаңалық. Драматург пьесаларының ұлт театр репертуарын байытудағы маңызы ашылып, оның шығармалары негізінде қойылған спектакльдер мәдени және әлеуметтік аспектілерді айқындап, театр өнерінің көркемдік-концептуалды тереңдігін анықтайтын көркемдік биікке көтерілгені анықталды;

2-жаңалық. М.Әуезов драматургиясының ұлттық театрдағы кәсіби режиссура мен актерлық өнердің дамуына тікелей ықпал еткендігі, әсіресе оның алғашқы «Еңлік–Кебек», «Бәйбіше–тоқал», «Қарагөз», «Айман–Шолпан», «Түнгі сарын», «Қобыланды» және «Абай» қойылымдары арқылы қазақ театр өнерінің іргетасы қаланғандығы анықталды.

3-жаңалық. Қазақ-кеңес театры режиссурасындағы М.Әуезов драматургиясын сахналаудағы шығармашылық ізденістердің ішкі бірлігі сараланып, кейіпкердің ішкі дүниесін ашуда дәстүрлі эпикалық тәсілдерге сүйенудің алғышарттары мен даму модельдеріне сараптама жасалды;

4-жаңалық. Отандық театр режиссурасының кәсіби шеберлігі мен біліктілігін танытатын және актерлік ойынның шыңдалу мектебіне айналған М.Әуезов шығармаларының режиссурдаағы символдық-метафоралық интерпретациялары зерделенді;

5-жаңалық. Драгматург пьесаларының ішіндегі «Қарагөз» спектаклі арқылы қазақ театры режиссурасының даму эволюциясы мен диалектикасы режиссер Ә.Мәмбетовтан бастап, бүгінгі жас режиссерлердің интерпретациялары арқылы салыстырылып, олардың сахналық шешімдерінің ара-жігі ажыратылды;

6-жаңалық. М.Әуезовтің прозалық шығармалары мысалында постдрамалық үлгідегі театрлық формалар мен режиссурадағы жаңалық бағамдалып ұлттық театр өнерінің уақыт пен заман талабына сай ізденістері сараланды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар

Заманымыздың ұлы ойшылы, жазушы-драматург М.Әуезов шығармашылығын, оның драматургиясы мен сахнаға сұранып тұрған прозалық туындыларын аталмыш тақырып аясында зерттеу барысында еліміздің ұлттық драма театрының шығармашылығымен қатар өріліп, қалыптасқан дәстүрді алдыға оздыратын жаңашылдыққа бастаушы жол көрсететінін байқадық. Ұлттық драматургияның қалыптасуы мен дамуындағы М.Әуезовтің рөлі айырықша. Қаламгердің ескірмейтін, көрермен сұранысына лайықты түрде жауап беретін пьесалары ұлттық режиссура және актерлік өнерінің дамуына, олардың шығармашылық ізденісінің артуына игі ықпалын тигізді. Осындай танымы биік тұлғаны ұлт театры режиссурасының даму кезеңдерімен байланыстыра ғылыми тұрғыда зерттеудің нәтижесінде **қорғауға төмендегідей тұжырымдар** ұсынылады:

1-тұжырым. Мұхтар Әуезовтің қарымды драматург ретіндегі қалыптасуы мен оның пьесаларының көркемдік деңгейі ұлттық театрдың репертуарлық саясатының негізін қалап, театр мен жазушы арасындағы өзара шығармашылық байланысы отандық сахна өнерінің кәсіби деңгейге көтерілуіне ықпал еткені анықталды. М.Әуезовтің драматургтік қырының «Еңлік – Кебектен» басталып «Қарагөз», «Бәйбіше – тоқал», «Түнгі сарын» т.б. классикалық пьесаларын жазумен кәсіби өсу жолы, пьесаларының ұлт театрының репертуарлық қажетін барынша өтегені қарастырылады. Автор өз шығармашылығында ұлт театрының көркемдік бағыты мен рухани мазмұнын айқындауда кеңестік тоталитарлық режимнің қылышынан қорықпастан басын қауіп-қатерге тіге білгендігімен дәлелденді. Оның театрда ұлт проблемаларын көтергені үшін қудаланып, атап айтқанда «Абай» романы эпопеясы, әсіресе «Хан Кене» тарихи драмасы, «Қарагөз» пьесасы қатты сынға алынды. Шын мәнінде кеңес идеологиясы қауіпті деп тапқан «Хан Кене», «Қилы заман» тарихи драмасы сахнада 70 жыл бойы көрсетуге тыйым салынған. Жоғарда аталған қойылымдар қазақ театры ерекше көркемдік биікке көтерілген кезеңдері ретінде қарастырылды.

2-тұжырым. М.Әуезовтің сахнаға арналған мұрасы – ұлт театр драматургиясының қалыптасуы мен өркендеуіне негіз болған шығармашылық феномен ретінде бағаланды. Бірақта, зерттеу барысында жазушының пьесалары ұлттық театр репертуарының көркемдік деңгейін көтеріп, ұлт режиссурасы мен актерлік өнерінің кәсіби дамуына серпін бергені анықталды. Бұл деректер М.Әуезовтің отандық театр кеңістігіндегі тарихи рөлін және шебер суреткерлік соны қырынан зерделеуге мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижесінде М.Әуезовтің отандық драматургияға қосқан мол үлесі қазіргі театр режиссурасы мен сахналық интерпретацияларда да өзектілігін жоймағаны анықтала келе оның шығармалары дәстүр мен жаңашылдықты ұштастырудың көркем үлгісіне айналып отырғаны дәлелденді.

3-тұжырым. Кеңестік дәуірдегі театр режиссурасында М.Әуезов пьесаларын сахналау барысында режиссерлер өз дәуірінің көркемдік талаптарына сай келетін тәсілдер мен интерпретациялар арқылы ұлттық театр мектебінің дамуына, биік белестерді бағындыруына ықпал етті. Қазақ

театрында Ә.Мәмбетов және өзге де отандық режиссерлерге нәтижелі ізденістер берген серпін М.Әуезов шығармаларын сахналауда «социалистік реализм» сипатында болды. Бұл қойылымдарда классикаға айналған автор мәтіні мен заманауи режиссерлік шешімдер сол кезеңнің сахналық жаңашылдығы болып саналды;

4-тұжырым. М. Әуезовтің қаламынан шыққан драмалық шығармаларын сахналау отандық театр ұжымдары үшін шығармашылық мол тәжірибе мен кәсіби біліктілігін арттырудың маңызды кезеңі болды. Автордың пьесалары режиссерлер мен актерлердің сапалы ізденіске негізделген жұмысын, көркемдік ойлау деңгейін, тарихи-мәдени танымын арттыра түсіп сахналық шеберлігін жетілдіруге бастайтын маңызды қалыптасу мектебі ретінде айқындалды. М.Әуезовтің ұлттық классикаға айналған әрбір шығарманы сахналау кез келген отандық театр үшін, режиссерлер мен актерлердің кәсіби біліктілігі мен шеберлігіне сын болатын шыңдалу мектебі болды. Атап айтқанда, Асқар Тоқпанов, Әзірбайжан Мәмбетов, Қадыр Жетпіспаев, Бәйтен Омаров, Есмұхан Обаев, Жанат Хаджиев және т.б. режиссерлердің режиссурадғы жетістіктерін талдаумен тұжырымдалды;

5-тұжырым. Драматург пьесаларының ішіндегі «Қарагөз» спектаклі арқылы қазақ театры режиссурасының даму эволюциясы мен диалектикасы режиссер Әзірбайжан Мәмбетов (1981) дәстүрлі кеңестік реализм бағытында, Болат Атабаев (2005) қойылымында – режиссерлік сенсация және диссонанс эстетикасымен ерекшеленсе, режиссер Наташа Дубс (2018) – сахналық перформанс формасына, Фархат Молдағали (2021) – саундрама мен тұжырымдық деконструкцияда, Гүлназ Балпейісова (2022) – модерндік форма мен бейнелік пластикада, Елік Нұрсұлтан және Гүлсина Мирғалиева (2024) символикалық-сөздік поэтикаға, Дәурен Серғазин мифтер арқылы архэпикалық-этно мифодрамада тәрізді заманауи режиссерлік шешімге негіздеді;

6-тұжырым. Жазушының прозалық шығармаларын театр сахнасына шығару тәжірибесі Тәуелсіздік жылдары сәтті жүзеге асырылды. Бұл кезеңде отандық театрлар М.Әуезовтің прозалық туындыларына ерекше назар аударып, прозалық мәтіннен заманауи режиссурасының жаңа бағыттары мен көркемдік формаларына бастау көзі ретінде сахналық қойылымдарды дүниеге әкелді. М.Әуезов прозасының философиялық қатпары мен кейіпкерлер әлемінің күрделілігі, психологиялық тереңдігі заманауи қазақ режиссерлерінің символдық, пластикалық және технологиялық шешімдерге негізделген сахналық қойылымға интерпретация жасауына мүмкіндік беріп, театр сахнасын жаңа эстетикалық биікке көтерді. Қазақ театрының заманауи үлгідегі театрлық формалары мен режиссурадағы инновациялық ізденістер М.Әуезовтің прозалық шығармалары арқылы жалғасын тауып жатыр.

Зерттеудің ғылыми-теориялық және тәжірибелік маңызы.

Диссертациядан алынған нәтижелер мен тұжырымдар, түйіндер мен қорытындылар сахна өнеріне қатысты маман дайындайтын арнайы орта, жоғарғы оқу орындарының студенттеріне, актер, режиссер және театртану

мамандандыруы бойынша оқитын магистранттар мен докторанттарға пайдалануға болады.

Ғылыми зерттеудің нәтижелерін «Қазақ театрының тарихы», «Бүгінгі әлемдік театрлық процестер», «Актерлік шеберлік», «Қазіргі режиссура мен актерлік өнер», т.б. пәндерге қосымша оқу құралы ретінде қолдану болады. Сол сияқты «Мұхтар Әуезов және театр өнері» атты арнайы курстарда бүгінгі режиссура өнері мен актерлік шеберлікті шыңдауға бағытталған біліктілікті арттыру курстары мен семинарлық дәрістерге пайдалануға болады.

Жалпы диссертациялық еңбектің зерттеу нәтижелерін өнертану, мәдениеттану және арнайы білім беру салаларына әдіснамалық тұрғыдан пайдалы болмақ.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі және жариялануы

Диссертациялық жұмыс Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Актер шеберлігі және режиссура» кафедрасының кеңейтілген мәжілісінде талқыланып, ашық қорғауға ұсынылды.

Зерттеудің негізін құрайтын теориялық мәселелері мен тұжырымдары ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті белгіленген республикалық 4 басылымда, SCOPUS базасына енетін нолдік емес, импакт факторы бар халықаралық 1 ғылыми басылымда барлығы 5 мақала жарияланды.

Жұмыстың құрылымы

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш негізгі бөлімнен, әрқайсысы екі тараушадан (алты тарауша), қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.

Диссертацияның «**Мұхтар Әуезов шығармашылығы және ұлт театрының қалыптасу жолы**» атты **I-ші бөлімнің** бірінші тараушасы М.Әуезовтің жазушы-драматургтік жолға түсуі, суреткерлік шеберлігінің қалыптасуы мен ұшталу жолы қарастырылады. Драматург ретінде алғашқы қадамынан бастап кәсібилікке ұмтылған жас автордың тақырып таңдауы, кейіпкерлер әлемі мен қазақ ауылының келбеті, қоғамдық өмірдің бояуын келтіріп бере алған шеберлік қырларының қалыптасуы мен тырнақалды пьесаларының көркемдік ерекшеліктері сипатталады. Екінші тараушада тұңғыш ұлттық театр репертуарының түзілуі мен дамуында М.Әуезов драматургиясының алатын орны мен ықпалы қарастырылады. Ұлттық, заманауи драматургия аяққа тұру кезеңіндегі театр репертуарындағы М.Әуезов пьесаларының рөлі ашылады.

«**М.Әуезов пьесаларын сахналаудағы режиссерлік интерпретация мәселелері**» аталған **II-ші бөлімде** – қазақ-кеңес дәуіріндегі ұлт театр режиссурасының М.Әуезов пьесаларын сахналаудағы сәтті ізденістер төркініне назар аударады. Қазақ театрының тарихында кезеңдік қойылымға айналған 1940 жылы жас режиссер А.Тоқпанов сахналаған «Абай» трагедиясынан бастап ұлттық режиссураның Ә.Мәмбетовпен биіктерді бағындырған М.Әуезов шығармаларының сахнаға қойылуы, режиссерлік, актерлік құрамның орындауындағы ерекшеліктер қарастырылды. «М.Әуезов пьесаларының ұлттық режиссураны дамытудағы рөлі» атты екінші тараушада

ұлттық драматургияның алтын қорына айналған қаламгердің мұрасы өзіндік режиссерлік интрепретациямен сахнаға қою тәжірибесі туындыларды жаңа трактовкамен шешкен қойылымдар мысалында талданады. Жаңашылдықпен оқылған М.Әуезов пьесалары қазақ театрының жемісті жылдар тарихымен қабаттаса өріліп спектакльдердің көркемдік шешімдеріне баға беріледі.

Диссертацияның **«М.Әуезов шығармаларының заманауи қазақ театрының дамуына ықпалы және жаңашылдық»** III-ші бөлімінің бірінші тараушасында Тәуелсіздік кезеңдегі М.Әуезов туындыларының сахналық трансформацияланған үлгілері қарастырады. Автордың сахналанған пьесалары мен прозалық шығармаларынан түзілген озық спектакльдерінен отандық заманауи театрдың дамуына олжа салған озық үлгілерін және қазақ сахнасында жаңашылдығымен көрінген қойылымдардың режиссуралық интрепретациялары талданады. Екінші тарауша М.Әуезов шығармаларының сахналық жүйесіндегі театрлық формалар мен жаңашылдыққа арналып отандық театрлардағы соны режиссерлік ой-идея, жаңа сахналық формаларды игеру жолында жасаған арнайы жобаларындағы жаңашылдық іздері сарапталады. Қазақ театр өнерінің әлемдік театрдың заманауи үдерісінен шеттеп қалмай, жаңашылдық пен постдрамалық театрдың үлгісінде қойылған спектакльдерін, прозалық туындылары негізінде дүниеге келген тың сахналық спектакльдер қарастырылды.